

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы

«6В05205 - ГЕОГРАФИЯ» мамандығы

OGRP 3223 «Қала құрылысы және аудандық жоспарлау негіздері» пәнінен

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ 2021

«6B05205 - География» мамандығы бойынша «Қала құрылысы және аудандық жоспарлау негіздері» пәнінен қорытынды емтихан бағдарламасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы Кенеспаева Л.Б. дайындады.

Бағдарлама география және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының мәжілісінде қарастырылды.

Хаттама № 7 «_09_» __11__ 2021 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Нүсіпова Г.Н.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТҮРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

1. Қорытынды емтиханды өткізу ережелері пән бойынша тестілеу ұйымдастырылатын жүйеде орналастырылатын болады:

- Универ жнйесіндегі, ПОӘК-дегі, «Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы» қосымша бетінде;

2. Ережелерді жүйеге жүктегеннен кейін, мессенджер чатында студенттерге «қорытынды емтиханды өткізу ережелерімен» қандай жүйеде танысуға болатындығы туралы хабарланады.

3. Чаттағы әр студент кестемен, ережелермен, прокторинг нұсқауларының талаптарымен танысқанын растауы керек.

4. Кесте бойынша жоспарланған күні студенттерге емтихан туралы еске салынады.

Емтихан нысаны- MOODLE АҚО жүйесінде онлайн тест тапсыру.

Кімге ұсынылады: 3 курс студенттері, бакалавриат, «БВ05205 – География» мамандығы.

Емтиханды өткізу кестесі: кесте бойынша (кестені қарау)

Емтихан өткізілетін платформа: «MOODLE» АҚО жүйесі.

Емтихан форматы-онлайн.

Емтихан шарты: студент прокторинг бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес басталардан 30 минут бұрын дайындалуы тиіс.

Тест сұрақтарының саны: әр студентке 25 сұрақ беріледі.

Тестілеуден өтуді бақылау-онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. "proctor" – емтихан барысын бақылау). Прокторлар аудиториядағы әдеттегі емтихандағы сияқты, емтихан тапсырушылардың сынақтардан адал өтуін бақылайды: тапсырмаларды өз бетінше орындауы және қосымша материалдарды пайдаланбауын бақылайды. Веб-камера бойынша нақты уақытта өтіп жатқан онлайн-емтиханды маман (көзбе-көз прокторинг), немесе сыналушының жұмыс үстелін, кадрдағы тұлғалар санын, бөгде дыбыстар немесе дауыстар және тіпті көзқарас қозғалысын бақылайтын бағдарлама (киберпрокторинг). Аралас прокторинг түрі жиі қолданылады: бағдарламаның ескертулері бар емтиханның бейнежазбасын адам қосымша қарап шығады және бұзушылықтардың шын мәнінде орын алғаны жөнінде шешім қабылдайды.

Балл қою уақыты: баллдар тестілеу аяқталғаннан кейін бірден автоматты түрде қойылады.

Максималды баға 25 тест-сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда 100 балл деп бағаланады. Әр дұрыс жауапқа 4 балл.

МАҢЫЗДЫ: тест емтихан кестесі бойынша өткізіледі. Білім алушылар мен оқытушылар емтихан кестесі туралы алдын ала хабардар болады.

Емтихан ұзақтығы: 60 минут

Бағалау саясаты: жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексереді

Балл қою уақыты-48 сағатқа дейін.

Универ жүйесінде баллдар автоматты түрде емтихан ведомосына ауыстырылады.

Ескерту: тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

КІРІСПЕ

" Қала құрылысы және аудандық жоспарлау негіздері " оқу пәні студенттерге әлемде және Қазақстанда болып жатқан урбандалу процестерінің рөлін түсінуге, геоурбанистиканың теориялық аспектілерін, жекелеген қалалық қоныстарды, қалалық агломерациялар мен урбандалған аймақтарды зерттеу әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Қалалар географиясын зерделеу географиялық пәндермен, әлемнің экономикалық және әлеуметтік географиясымен, Қазақстанның экономикалық географиясымен кең өзара байланысты болжайды.

Оқу пәнін оқытудың мақсаты студенттердің урбанизация процестерінің динамикасы мен кеңістіктік заңдылықтары, кеңістіктік ұйымдастыру, әлемнің постиндустриалды дамуы жағдайында әртүрлі деңгейдегі қалалық жүйелердің эволюциясы мен жұмыс істеуі туралы жан-жақты түсініктерін, сондай-ақ қалалық елді мекендерді дамыту бағдарламаларын әзірлеу және негіздеу үшін урбанизацияның жергілікті және аймақтық мәселелерін талдауға мүмкіндік беретін практикалық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу пәнін оқытудың міндеттері::

- урбанизация процестерінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу;
- қаланың әлеуметтік-экономикалық-экологиялық кешенін зерттеудің әдістемелік тәсілдерін әзірлеу;
- қала қоныстарын дамытудың тарихи-географиялық, әлеуметтік, экономикалық-географиялық және қала құрылысы факторларын талдау әдістемесін меңгеру;
- қалаларды және қоныстандыру жүйелерін дамыту стратегиясын әзірлеуге географиялық тәсілдерді пайдалануға үйрету.

ЕМТИХАНДЫ ТАПСЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

1. Қала құрылысы ұғымы. Қала құрылысы қызметінің және аудандық жоспарлаудың құрылымы мен объектісі.
2. Қала құрылысы нысандарының типологиясы. Қала құрылысы объектілерінің әлеуметтік-экономикалық негіздері.
3. Қалалық елді мекендер, олардың жіктелуі. Топтық қоныстандыру жүйелері.
4. Қала құрылысына күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін анықтаудың жалпы принциптері.
5. Қала құрылысы шешімдерінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін анықтау ерекшеліктері.
6. Халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жүйесі.
7. Тұрғын аудандарды жоспарлау және салу ерекшеліктері.
8. Өнеркәсіптік аудандар және қаланың жоспарлау құрылымы.
9. Қала аумақтарын сыртқы абаттандыру.
10. Қала құрылысының экологиялық аспектілері.
11. Жоспарлау шешімдерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Емтихан кезінде білім алушылардың дайындық деңгейін бағалаудың және тиісті құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі критерийлері:

- кәсіби терминологияны меңгеру дәрежесі;
- білім алушының теориялық білімді меңгеру және оларды кәсіби мәселелерді шешуде пайдалана білу деңгейі;
- жауап беру мәдениеті;
- емтихан билетінің мәні бойынша қосымша сұрақтарға жауап беруге дайын болуы.

Білім алушылардың оқу тапсырмаларының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мазмұны)	Дәстүлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	

B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Білім алушылардың жауаптарының толықтығын ескере отырып, берілген бағалардың жалпы сипаттамасын көрсететін бағалау жүйесі кестеде келтірілген.

Бағалау	Критерийлер:
«Өте жақсы»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; 2. Практикалық тапсырма толығымен шешілген; 3. Материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген; 4. Шығармашылық қабілеттері көрсетілген.
«Жақсы»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар, мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі; 2. Практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі; 3. Материалдар логикалық сауаттылықпен жасалаған.
«Қанағаттанарлық»	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жауаптар теориялық сұрақтар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, дәлсіздік және логикалық қателік кездеседі; 2. Тәжірибелік тапсырма толық емес;

	3. Материалы сауатты, бірақ логикалық жүйелілігі қарастырылмаған.
«Қанағаттанарлықсыз»	1. Жауапта теориялық сұрақтарға байланысты өрескел қателіктер жіберілген; 2. Практикалық тапсырма орындалмаған; 3. Баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, логикалық жүйелілік сақталмаған.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Рой О. М. Основы градостроительства и территориального планирования : учебник и практикум для вузов / О. М. Рой. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 249 с. — (Высшее образование).
2. Груздев В. М. Основы градостроительства и планировка населенных мест [Текст]: учеб пособие / В. М. Груздев; Нижегород. гос. архитектур.-строит. ун-т. – Н. Новгород: ННГАСУ, 2017. 105 с.: ил. ISBN 978-5-528-00247-7
3. Перцик Е.Н. Геоурбанистика: Учебник. – М.: Академия, 2009. – 435 с.
Лаппо Г.М. География городов: Учеб. пособие для студ. вузов. – М.: ВЛАДОС, 1997. – 480 с.
4. Пивоваров Ю.Л. Основы геоурбанистики: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: ВЛАДОС, 1999. – 232 с.

Қосымша:

1. Перцик Е. Н. Геоурбанистика. Учебник. – М.: Академия, 2009. – 435 с.
2. Слука Н.А. Геодемографические феномены глобальных городов. М, 2009.
3. Лаппо Г.М. География городов/Лаппо Г.М. – М.: «Владос», 1997. 479 с.
4. Сассен С. Глобальный город: введение понятия // Глобальный город: теория и реальность / Под. ред. Н.А.Слуки. М., 2007. С. 49-55
5. Пивоваров ЮЛ. Основы геоурбанистики: Урбанизация и городские системы. М.: Владос, 1999.
6. Соболева Н.П., Замятина Ю.Л., Барановская Н.В., Жорняк Л.В. Геоурбанистика: учебное пособие. – Томск, 2012. – 301 с.

Емтиханға дайындалу үшін қосымша оқу материалдары univer.kaznu.kz сайтындағы сіздің парақшаңызда УМКД (ПОӘК) бөлімінде онлайн қолжетімді.